

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқын «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы («Қоғам») осымен өзінің акционерлерін Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша (Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы) 2010 жылдың 7 желтоқсанында сағат 11.00-де мынадай күн тәртібімен акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілетіндігі туралы хабардар етеді:

Қоса беріліп отырған шарттың талаптарында 2011 – 2013 жылдардың 30 маусымына жағдай бойынша Қоғамның 6 айдағы аралық қаржылық есебіне шолу жасауды және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ шоғырландыруы мақсатында 2011 – 2013 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталатын жылдар үшін қаржылық есебі мен қаржылық есептілік пакетінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу.

Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 10-00.

Акционерлерді тіркеудің аяқталу уақыты – 10-45.

Кворум болмаған жағдайда акционердің қайталама кезектен тыс жалпы жиналысы осы күн тәртібімен осы мекен-жай бойынша 2010 жылдың 8 желтоқсанында сағат 11.00-де болады.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысуға құқы бар акционерлердің тізімі жасалатын күн, – 2010 жылдың 1 қарашасы.

Акционерлер күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдармен 2010 жылдың 1 қарашасынан бастап Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, 12-ші қабат, 1207 кабинет мекен-жайы бойынша Қоғамның ғимаратында жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сондай-ақ сайтында www.kmgcp.kz. таныса алады.